

Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау

Авторлық құқық

Осы басылымның ешқандай бөлімі Seiko Epson корпорациясының алдын ала жазбаша рұқатынсыз қайта жасалмайды, іздеу жүйесінде сақталмайды немесе кез келген үлгіде немесе электронды, механикалық, фотокошірмелеу, жазу сияқты кез келген әдіспен тасымалданбайды. Осында берілген ақпаратты пайдалануға қатысты ешқандай патентті міндеттер қарастырылмаған. Осында берілген ақпаратты пайдалану нәтижесінде орын алған зақымдар үшін жауапкершілікті мойнына алмайды. Осында берілген ақпарат Epson өнімімен пайдалануға ғана арналған. Epson - осы ақпаратты басқа өнімдерге қолдану үшін жауапкершілікті мойнына алмайды.

Seiko Epson корпорациясы және бөлімшелері апаттық жағдайда, осы өнімді дұрыс пайдаланбау немесе қиянат ету, рұқсатсыз өзгерту, жөндеу немесе өнімге өзгерістер енгізу немесе Seiko Epson корпорациясының (АҚШ-тан басқа) пайдалану және қызмет көрсету нұсқауларын қатаң түрде орындамау салдарынан болатын зақымдарға, жоғалтуларға, залалдарға, жұмсалған қаражатқа не шығындарға осы өнімді сатып алушы немесе үшінші тарап алдында жауапты болмайды.

Seiko Epson корпорациясы Epson компаниясының түпнұсқа өнімдері немесе Seiko Epson корпорациясы мақұлдаған Epson өнімдері болып табылмайтын кез келген функцияларды немесе шығыс материалдарын пайдалану салдарынан болатын кез келген зақымдарға немесе ақауларға жауапты болмайды.

Seiko Epson корпорациясы Seiko Epson корпорациясы мақұлдаған Epson өнімдері болып табылмайтын кез келген интерфейстік кабельдерді пайдаланғаннан шығатын электромагниттік кедергілері салдарынан болатын зақымдарға жауапты болмайды.

© 2015 Seiko Epson Corporation. All rights reserved.

Осы нұсқаулықтың мазмұны және өнімнің сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Сауда белгілері

- ❑ EPSON® — тіркелген сауда белгісі, ал EPSON EXCEED YOUR VISION немесе EXCEED YOUR VISION — Seiko Epson корпорациясының сауда белгісі.
- ❑ Microsoft®, Windows®, and Windows Vista® are registered trademarks of Microsoft Corporation.
- ❑ Apple, Macintosh, Mac OS, OS X, AirPort, AirMac, Bonjour, and Safari are trademarks of Apple Inc., registered in the U.S. and other countries. AirPrint is a trademark of Apple Inc.
- ❑ Android™ is a trademark of Google Inc.
- ❑ Жалпы ескертпе: Осы жердегі басқа өнім мен компания атаулары өз компанияларының сауда белгілері болуы мүмкін. Epson осы таңбалардың кез келген және барлық құқықтарынан бас тартады.

Мазмұны

Авторлық құқық

Сауда белгілері

Осы нұсқаулық туралы

Белгілер және таңбалар.	6
Осы нұсқаулықта пайдаланылған терминдердің анықтамалары.	6
Суреттер.	7
Амалдық жүйенің сілтемелері.	7

Кіріспе

Нұсқаулыққа кіріспе.	8
Принтерді смарт-құрылғыдан пайдалану.	8
Принтерді компьютерден пайдалану.	8
Принтерді кіру нүктесіне қосу.	8

Принтерді смарт-құрылғыға қосу

Қосылу түрі — Wi-Fi.	9
Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы қосылу параметрлері.	9
Кіру нүктесі арқылы қосылу.	9
Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау.	10
Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты тексеру.	11
Смарт-құрылғы үшін қосымша байланыстар.	13

Принтер мен компьютерді қосу

Принтер мен компьютер арасындағы қосылу түрлері.	14
Wi-Fi.	14
Тікелей қосылу режимі.	14
USB байланысы.	15
Принтер мен компьютер арасындағы қосылу параметрлері.	15
Wi-Fi желісіне қосылу.	15
Тікелей қосылу режимінде қосылу (тек Windows үшін).	19
USB байланысын орнату.	19

Принтер мен компьютер арасындағы байланыс әдісін өзгерту.	22
Жаңа кіру нүктелерін қосу немесе ауыстыру.	22
Принтер байланысын Wi-Fi желісіне өзгерту.	23
Принтерге USB байланысын қосу.	25
Компьютерлерді қосу.	27
Компьютерлерді бағдарламалық құралдың дискісін пайдаланып қосу (тек Windows үшін).	28
Компьютерлерді веб-сайттан қосу — Windows.	30
Компьютерлерді веб-сайттан қосу — Mac OS X.	31
Компьютерлерді қолмен қосу — Windows.	32
Компьютерлерді қолмен қосу — Mac OS X.	32

Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу

Түймені басу арқылы автоматты түрде орнату (WPS).	33
PIN кодын орнату (WPS).	34

Принтердің желі байланысы күйін тексеру

Желі шамы.	36
Желі күйі парағын басып шығару.	36

Желінің қосымша параметрлері

Web Config арқылы орнату.	37
--------------------------------	----

Желіні ажырату немесе инициализациялау

Желі параметрлерін принтердің басқару тақтасынан инициализациялау.	38
Wi-Fi желісін Web Config арқылы ажырату.	38

Проблемаларды шешу

Wi-Fi арқылы қосылмайды.	39
-------------------------------	----

Мазмұны

A: Интернетке смарт-құрылғыдан қосылу мүмкін емес.	40
B: Wi-Fi арқылы смарт-құрылғыдан басып шығару мүмкін емес.	40
C: Интернетке компьютерден қосылу мүмкін емес.	41
D: Wi-Fi арқылы компьютерден басып шығару мүмкін емес.	44
E: Ендірілген бағдарламаларды жаңарту мүмкін емес.	44
F: Желілік орта өзгермегенде Интернет ажыратылады.	44
Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру.	45
Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Windows.	45
Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Mac OS X.	46

Қосымша

Принтер пайдаланатын негізгі желі ақпараты.	48
Принтер пайдаланатын желі түрі.	48
Ретрансляциялық пункт бар желілер туралы жиынтық ақпарат.	48
Ретрансляциялық пункт жоқ желілер (Wi-Fi Direct/Тікелей қосылу).	53
Жалпыға қолжетімді желілер.	53
Желі функциялары және IPv4/IPv6 кестелері.	54
TCP/IP протоколын қолдайтын клиенттік операциялық жүйелер.	54
NW функциясы үшін қолдау кестесі және IPv4/IPv6 кестелері.	54
Бір уақытта қосуға болатын комбинациялар.	55
Порттар мен протоколдар.	55
Стандартты TCP/IP порттарын орнату — Windows.	56
WSD портын орнату — Windows.	59
Басып шығару портын тексеру.	61

Осы нұсқаулық туралы

Белгілер және таңбалар



Абайлаңыз:

Дене жарақатының алдын алу үшін мұқият орындалуы керек нұсқаулар.



Маңызды:

Жабдығыңызға зақым келудің алдын алу үшін сақталуы керек нұсқаулар.

Ескертпе:

Принтердің жұмысы жөнінде пайдалы кеңестерді және шектеулерді қамтитын нұсқаулар.

➔ Қатысты ақпарат

Бұл белгішені нұқу байланысты ақпаратты ашады.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған терминдердің анықтамалары

Бұл нұсқаулықта келесі терминдер пайдаланылады.

☐ Wi-Fi (сымсыз жергілікті желі)

Wi-Fi (сымсыз жергілікті желі) деректерді сымсыз беретін желі болып табылады. Бұл термин принтерлер мен компьютерлерді қосқан кезде, ретрансляциялық пункт (мысалы, кіру нүктесі) арқылы деректерді беретін «Инфрақұрылым режимі» терминімен бірдей.

☐ Кіру нүктесі

Ол Wi-Fi құрылғылары арасындағы байланысты ретрансляция жасайды. Ретрансляция функциясы бар сымсыз роутер үшін біз «кіру нүктесі» деген терминді де пайдаланамыз. Көптеген сымсыз роутерлерде сымды жергілікті желі байланыстарын қамтамасыз етуге арналған жергілікті желі порты болады. Оларды сымды жергілікті желі байланыстары үшін хаб ретінде де пайдалануға болады.

☐ Смарт-құрылғы

Бұл термин принтермен байланыс орната алатын Android құрылғылары мен iOS құрылғыларына арналған жалпы термин болып табылады. Бұл термин смартфондар мен планшеттерді қамтиды.

☐ Құпия сөз

Бұл қауіпсіздік мақсатында кіру нүктесі үшін пайдаланылатын шифрлау кілті болып табылады. Пайдаланылатын кіру нүктесіне немесе қауіпсіздік жүйесіне байланысты, құпия сөз «WEP кілті», «WPA кодтық фразасы», «Ортақ кілт», және т.б. деп аталуы мүмкін. Бұл нұсқаулықта біз «Құпия сөз» терминін пайдаланамыз.

Суреттер

- ☐ Экран суреттері мен кескіндердің бөліктері модельге байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ нұсқаулар бірдей болады.
- ☐ Экран суреттері Windows 7 және Mac OS X v 10.10.x жүйелерінен алынған. Элементтер операциялық жүйенің нұсқаларына байланысты өзгеруі мүмкін.
- ☐ Экран суреттеріндегі кейбір мәзір элементтері модельге байланысты өзгеруі мүмкін.

Амалдық жүйенің сілтемелері

Windows

Нұсқаулықта «Windows 8.1», «Windows 8», «Windows 7», «Windows Vista» және «Windows XP» сияқты терминдер келесі амалдық жүйелерге қатысты: Сонымен қатар, барлық нұсқаларды көру үшін, «Windows» пайдаланылады.

- ☐ Microsoft® Windows® 8.1 операциялық жүйесі
- ☐ Microsoft® Windows® 8 операциялық жүйесі
- ☐ Microsoft® Windows® 7 операциялық жүйесі
- ☐ Microsoft® Windows Vista® операциялық жүйесі
- ☐ Microsoft® Windows® XP операциялық жүйесі
- ☐ Microsoft® Windows® XP Professional x64 Edition операциялық жүйесі

Mac OS X

Нұсқаулықта «Mac OS X v10.10.x» OS X Yosemite операциялық жүйесіне, «Mac OS X v10.9.x» OS X Mavericks операциялық жүйесіне және «Mac OS X v10.8.x» OS X Mountain Lion операциялық жүйесіне қатысты. Сонымен қатар, «Mac OS X» жүйесі «Mac OS X v10.10.x», «Mac OS X v10.9.x», «Mac OS X v10.8.x», «Mac OS X v10.7.x» және «Mac OS X v10.6.8» жүйелерін көру үшін пайдаланылады.

Кіріспе

Нұсқаулыққа кіріспе

Бұл нұсқаулықта смарт-құрылғылар мен компьютерлерді принтерге қосу, желі байланысын орнату және принтер үшін желі параметрлерін реттеу жөніндегі процедуралар сипатталады. Принтерді Wi-Fi арқылы пайдалану үшін, кіру нүктесі немесе роутер сияқты ретрансляциялық пункт қажет. Егер сізде ретрансляциялық пункт бар болса, оны принтерді Wi-Fi арқылы қосу үшін пайдалануды ұсынамыз. Егер сізде ретрансляциялық пункт жоқ болса, принтерді Wi-Fi арқылы смарт-құрылғыға тікелей қоса аласыз.

Бұл нұсқаулықта компьютерлерде және смарт-құрылғыларда желі параметрлерін реттеу процедуралары сипатталады. Желіңізді орнату үшін ең тиімді болатын процедураны орындаңыз.

Бұл нұсқаулықты оқуды бастаудан бұрын, принтер үшін бастапқы орнатуды аяқтауыңыз керек. Мәліметтер алу үшін принтермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз. Сондай-ақ, принтердің желі параметрлерін компьютерден реттегіңіз келсе, компьютер мен ретрансляциялық пунктті (кіру нүктесін) қосыңыз және алдын ала компьютерді желіге қосыңыз.

Принтерді смарт-құрылғыдан пайдалану

[Принтерді смарт-құрылғыларға қосу] бөлімінде принтерді смарт-құрылғыға қосу әдісі сипатталған. Егер компьютер мен смарт-құрылғыны принтерге бір уақытта қосқыңыз келсе, алдымен принтерді компьютерге қосуды ұсынамыз. Бұл принтер қосылған желіні (SSID) таңдау арқылы смарт-құрылғыны принтерге оңай қосуға мүмкіндік береді.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтерді смарт-құрылғыға қосу” бетте 9](#)

Принтерді компьютерден пайдалану

[Принтер мен компьютерді қосу] бөлімінде принтер байланысы параметрлерін компьютерден реттеу әдісі сипатталған. Бағдарламалық құралдың дискісін пайдаланып орната аласыз, веб-сайттан орнтауға болады немесе қолмен орнатыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтер мен компьютерді қосу” бетте 14](#)

Принтерді кіру нүктесіне қосу

Принтерді кіру нүктесіне қосу әдісі сипатталады. Параметрлерді принтердің басқару тақтасынан реттеңіз.


Қатысты ақпарат

➔ [“Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу” бетте 33](#)

Принтерді смарт-құрылғыға қосу

Қосылу түрі — Wi-Fi

Принтер мен смарт-құрылғыны кіру нүктесіне қосыңыз. Бұл компьютерлер кіру нүктесі арқылы Wi-Fi көмегімен қосылатын үйдегі немесе кеңседегі желілерге арналған әдеттегі қосылу әдісі болып табылады. Кескіндер модельге байланысты өзгеруі мүмкін.



Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтер пайдаланатын негізгі желі ақпараты” бетте 48](#)
- ➔ [“Wi-Fi арқылы қосу” бетте 9](#)

Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы қосылу параметрлері

Кіру нүктесі арқылы қосылу

Wi-Fi арқылы қосу

Принтерді кіру нүктесіне Wi-Fi арқылы қосыңыз және смарт-құрылғы қосылған желіні (SSID) таңдаңыз. Келесі параметрлерді реттеңіз.

Принтерде Wi-Fi параметрлерін реттеу

Wi-Fi желісін орнату және кіру нүктесіне қосылу үшін келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз.

- ☐ Принтердің басқару тақтасынан
Wi-Fi параметрлерін принтердің басқару тақтасынан реттеңіз.
- ☐ Компьютерден
Компьютеріңіз желіге Wi-Fi арқылы қосылған болса, принтер үшін Wi-Fi параметрлерін компьютерден автоматты түрде реттеңіз.

Принтерді смарт-құрылғыға қосу

Ескертпе:

Желіге бұрыннан қосылған принтерге смарт-құрылғыны қосқыңыз келсе, смарт-құрылғыны принтер қосылған желіге қосыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ “Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу” бетте 33

Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау

Смарт-құрылғыға Epson iPrint бағдарламасын орнатыңыз, сонан соң оны принтер қосылған желіге (SSID) қосыңыз. Epson iPrint смарт-құрылғылар үшін тегін бағдарлама болып табылады. Ол смарт-құрылғыдан фотосуреттерді және басқа контентті басып шығаруға мүмкіндік береді.

Қатысты ақпарат

➔ “Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау” бетте 10

Байланысты Epson iPrint көмегімен тексеру

Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты Epson iPrint көмегімен тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

➔ “Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты тексеру” бетте 11

Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау

Смарт-құрылғыны Wi-Fi арқылы желіге қосылған принтерге қосыңыз.

1. Смарт-құрылғыға Epson iPrint бағдарламасын орнатыңыз.



Epson iPrint бағдарламасын смарт-құрылғыңызға келесі URL немесе QR коды арқылы орнатыңыз.


<http://ipr.to>



Принтерді смарт-құрылғыға қосу

2. Смарт-құрылғыдағы параметрлер экранынан Wi-Fi таңдап, Wi-Fi желісін қосыңыз.

Пайдалану туралы нұсқауларды көру үшін, смарт-құрылғымен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.



3. Принтердің SSID идентификаторын таңдаңыз және құпия сөзді енгізіңіз.

Принтер қосылған SSID идентификаторын желі күйі парағын басып шығару арқылы тексере аласыз. SSID және құпия сөзді алу үшін, кіру нүктесін орнатқан адамға хабарласыңыз немесе кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

4. Байланыс орнатылғаннан кейін, смарт-құрылғының басты экранына оралыңыз.

Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты Epson iPrint көмегімен тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты тексеру” бетте 11](#)
- ➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 36](#)

Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты тексеру

Принтер параметрлерін басып шығару бағдарламасынан реттеңіз және байланысты тексеріңіз. Мұнда мысал ретінде Epson iPrint пайдаланылады.

1. Epson iPrint бағдарламасын іске қосыңыз.




Егер Epson iPrint орнатылмаған болса, оны смарт-құрылғыңызға келесі URL немесе QR коды арқылы орнатыңыз.

Принтерді смарт-құрылғыға қосу


<http://ipr.to>



2. Экранның жоғарғы жағындағы **Printer is not selected.** опциясын түртіңіз немесе принтер атауын түртіңіз.



3. **Printer** опциясын түртіңіз.



Принтерді смарт-құрылғыға қосу

4. Қосылғыңыз келген принтердің атауын таңдаңыз.

Егер байланыс сәтті орнатылса, қалған сия/тонер деңгейлері көрсетіледі.



Смарт-құрылғы үшін қосымша байланыстар

Смарт-құрылғы мен принтерді бір Wi-Fi желісіне қосыңыз. Желі параметрлерін реттеу туралы нұсқауларды көру үшін, смарт-құрылғымен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты Epson iPrint көмегімен тексеруге болады.

Қатысты ақпарат

- ➡ [“Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау” бетте 10](#)
- ➡ [“Принтер мен смарт-құрылғы арасындағы байланысты тексеру” бетте 11](#)


Принтер мен компьютерді қосу

Принтер мен компьютер арасындағы қосылу түрлері

Принтерді компьютерге қосу үшін келесі қосылу әдістерінің біреуін пайдаланыңыз. Кескіндер модельге байланысты өзгеруі мүмкін.

Wi-Fi

Бұл қосылу әдісі компьютерлер мен смарт-құрылғылар кіру нүктесі арқылы Wi-Fi көмегімен қосылатын үйдегі немесе кеңседегі желілер үшін ұсынылады.




Қатысты ақпарат

➔ [“Wi-Fi желісіне қосылу” бетте 15](#)

Тікелей қосылу режимі

Принтерді компьютерге кіру нүктесін пайдаланбай тікелей қоса аласыз. Бұл режимді пайдалану үшін, компьютеріңіздің сымсыз байланыс адаптері тікелей қосылу режимін қолдауы тиіс. Мәліметтер алу үшін компьютермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.




Қатысты ақпарат

➔ [“Тікелей қосылу режимінде қосылу \(тек Windows үшін\)” бетте 19](#)

Принтер мен компьютерді қосу

USB байланысы

Принтерді компьютерге USB кабелі арқылы қосыңыз.



Қатысты ақпарат

➔ ["USB байланысын орнату" бетте 19](#)

Принтер мен компьютер арасындағы қосылу параметрлері

Компьютерге қосудан бұрын принтерді орнатуды аяқтау керек. (Қуат кабелін қосу, сияны орнату және қағаз салу.)

Wi-Fi желісіне қосылу

Wi-Fi желісін компьютерден принтерге келесі әдістердің біреуін пайдаланып орната аласыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ ["Wi-Fi байланысы бағдарламалық құралдың дискісінен орнату \(тек Windows үшін\)" бетте 15](#)
- ➔ ["Wi-Fi желісін веб-сайттан орнату" бетте 17](#)
- ➔ ["Wi-Fi желісіне қолмен қосылу" бетте 19](#)


Wi-Fi байланысы бағдарламалық құралдың дискісінен орнату (тек Windows үшін)

Бұл әдіс Windows пайдаланушыларына байланысты автоматты түрде орнату үшін ұсынылады.


1. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін компьютерге салыңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

3. Принтерді жалғау экранында **Wi-Fi байланысы** опциясын таңдаңыз.



4. Қайсысын орнату керектігін таңдау экранында **Принтер және компьютер** опциясын таңдаңыз.




5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

Wi-Fi желісін веб-сайттан орнату


Бұл әдіс Mac OS X пайдаланушыларына немесе бағдарламалық құралдың дискісін пайдалана алмайтын жағдайға арналған.

1. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Келесі экраннан Wi-Fi таңдаңыз.
☐ Windows




Принтер мен компьютерді қосу

Mac OS X



Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

5. Қайсысын орнату керектігін таңдау экранында **Принтер және компьютер** опциясын таңдаңыз. (тек Windows үшін)



Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

Wi-Fi желісіне қолмен қосылу

Бұл әдіс принтердің басқару тақтасында желі параметрлерін реттеу арқылы маңызды бағдарламалық құралды орнатуға мүмкіндік береді. Келесіні орнатыңыз.

Принтерді Wi-Fi желісіне қосу

Келесі әдістердің біреуін пайдаланып, Wi-Fi желісін принтердің басқару тақтасынан орната аласыз.

- ☐ Түймені орнату (WPS)
- ☐ PIN Код орнату (WPS)

Принтер драйверін орнату

Принтер драйверін келесі веб-сайттан орнатыңыз.

<http://epson.sn> — Қосымша бағдарлама

Қатысты ақпарат

- ➔ “Түймені басу арқылы автоматты түрде орнату (WPS)” бетте 33
- ➔ “PIN кодын орнату (WPS)” бетте 34

Тікелей қосылу режимінде қосылу (тек Windows үшін)

Тікелей қосылу режимін пайдаланып, принтерді компьютерге тікелей қоса аласыз.



Маңызды:

- ☐ Компьютердің Wi-Fi адаптері тікелей қосылу режимін қолдауы тиіс.
- ☐ Windows 8 және одан кейінгі операциялық жүйелер тікелей қосылу режимін қолдамайды.

Ескертпе:

- ☐ Компьютер кіру нүктесіне қосылса, принтерді Wi-Fi арқылы қосуды ұсынамыз.
 - ☐ Принтерді IP мекенжайын автоматты түрде алатын етіп орнатуды ұсынамыз. Бұл компьютерге принтер үшін жарамды IP мекенжайын тағайындауға мүмкіндік береді, сонда IP мекенжайын қолмен алу қажет емес.
 - ☐ Тікелей қосылу режимі сенімді қорғанышты қамтамасыз етпейді. Принтерде тек WEP қауіпсіздігі болады.
1. Компьютерден тікелей қосылу желісін орнату үшін компьютердегі қадамдарды орындаңыз.
 2. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін компьютерге салыңыз.
 3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

USB байланысын орнату

Принтерді компьютерге келесі әдістердің біреуін пайдаланып қоса аласыз.

Принтер мен компьютерді қосу



Маңызды:

Принтер драйверін орнатқанда, экрандағы нұсқаулар USB кабелін орнату әдісін көрсетеді. USB кабелін қосу туралы нұсқау берілгенше қоспай тұрыңыз.


Қатысты ақпарат

- ➔ “USB байланысын бағдарламалық құралдың дискісінен орнату (тек Windows үшін)” бетте 20
- ➔ “USB байланысын веб-сайттан орнату” бетте 20
- ➔ “USB байланысын қолмен орнату” бетте 22

USB байланысын бағдарламалық құралдың дискісінен орнату (тек Windows үшін)

Бұл Windows пайдаланушылары үшін автоматты түрде қосылу әдісі болып табылады.

1. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін компьютерге салыңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Принтерді жалғау экранында **USB қосылымы** опциясын таңдаңыз.



4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


USB байланысын веб-сайттан орнату

Бұл әдіс Mac OS X пайдаланушыларына немесе бағдарламалық құралдың дискісін пайдалана алмайтын жағдайға арналған.

Принтер мен компьютерді қосу


1. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Келесі экраннан USB таңдаңыз.

❑ Windows



Принтер мен компьютерді қосу

❑ Mac OS X



5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

USB байланысын қолмен орнату

Келесіні орнатыңыз.

Принтер драйверін орнату

Принтер драйверін келесі веб-сайттан орнатыңыз.

<http://epson.sn> > Қосымша бағдарлама

Қатысты ақпарат

➔ “Порттар мен протоколдар” бетте 55

Принтер мен компьютер арасындағы байланыс әдісін өзгерту

Желілік ортаны өзгерткенде немесе басқа желіні қосқанда басқа байланыс әдісін пайдалануға болады.

Жаңа кіру нүктелерін қосу немесе ауыстыру

Кіру нүктесінің ауысуына байланысты SSID өзгерсе немесе кіру нүктесі қосылса және жаңа желілік орта орнатылса, Wi-Fi параметрлерін қайта орнатыңыз. Егер SSID өзгерсе, [Принтердің Wi-Fi желісіне қосылуын өзгерту] сияқты орнату процедурасын пайдалануға болады.

Принтер мен компьютерді қосу

Қатысты ақпарат

- ➔ “Wi-Fi желісіне қосылу” бетте 15
- ➔ “Принтер байланысын Wi-Fi желісіне өзгерту” бетте 23

Принтер байланысын Wi-Fi желісіне өзгерту

Байланыс әдісін USB немесе тікелей қосылу режимінен Wi-Fi желісіне өзгерту үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Wi-Fi байланысына өзгерту — Windows


1. Қосылғыңыз келген кіру нүктесі үшін компьютерді SSID идентификаторына қосыңыз.
2. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін компьютерге салыңыз.

Ескертпе:

Бағдарламалық құралдың дискісін пайдалана алмасаңыз, келесі веб-сайтқа кіріп, бағдарламалық құралды **Реттеу** бөлімінен жүктеп алыңыз және қосылу параметрлерін реттеңіз. Бұл бағдарламалық құрал бағдарламалық құралдың дискісі сияқты жұмыс істейді.


<http://epson.sn>

3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Бағдарламаны орнатуды таңдау экранында **Тек қосылым әдісін өзгерту** опциясын таңдаңыз.




Принтер мен компьютерді қосу

5. Принтерді жалғау экранында **Wi-Fi байланысы** опциясын таңдаңыз.



6. Қайсысын орнату керектігін таңдау экранында **Принтер және компьютер** опциясын таңдаңыз.




7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

Wi-Fi байланысына өзгерту — Mac OS X

1. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Байланысу түрі экранында **Wi-Fi/желі байланысы**. опциясын таңдаңыз.



5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтерге USB байланысын қосу

Принтер Wi-Fi желісіне қосылған болса, принтер мен компьютерді USB кабелі арқылы қосуға болады. USB байланысын принтер желіде болғанда да қосуға болады.

USB байланысын қосу — Windows

1. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін компьютерге салыңыз.

Ескертпе:


Бағдарламалық құралдың дискісін пайдалана алмасаңыз, келесі веб-сайтқа кіріп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз және қосылу параметрлерін реттеңіз. Бұл бағдарламалық құрал бағдарламалық құралдың дискісі сияқты жұмыс істейді.

<http://epson.sn>


2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

3. Бағдарламаны орнатуды таңдау экранында **Тек қосылым әдісін өзгерту** опциясын таңдаңыз.



4. Принтерді жалғау экранында **USB қосылымы** опциясын таңдаңыз.



5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Принтер мен компьютерді қосу

Қатысты ақпарат

➔ “Бір уақытта қосуға болатын комбинациялар” бетте 55

USB байланысын қосу — Mac OS X

1. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Байланысу түрі экранында **Сым арқылы USB байланысы** опциясын таңдаңыз.



5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ “Бір уақытта қосуға болатын комбинациялар” бетте 55


Компьютерлерді қосу

Принтерді басқа компьютерден пайдалануға болатын желілік принтер ретінде орнатуға болады.

Принтер мен компьютерді қосу


Компьютерлерді бағдарламалық құралдың дискісін пайдаланып қосу (тек Windows үшін)

1. Принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін қосқыңыз келген компьютерге салыңыз.
2-қадамдағы экран көрсетілгенше экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
2. Принтердің орнату жөніндегі нұсқаулары бар экран көрсетілгенде, **Елемей өту** опциясын таңдаңыз.



Принтер мен компьютерді қосу


3. Принтерді жалғау экранында **Wi-Fi байланысы** опциясын таңдаңыз.



Ескертпе:

Принтердің қосылу күйіне қарай байланысты таңдаңыз.

4. Қайсысын орнату керектігін таңдау экранында **Тек қана компьютер** опциясын таңдап, қосылғыңыз келген принтерді тізімнен таңдаңыз.




5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

Компьютерлерді веб-сайттан қосу — Windows

Бағдарламалық құралды веб-сайттан жүктеп алыңыз, сонан соң компьютерді қосу үшін қосылу параметрлерін реттеңіз.

1. Қосқыңыз келген компьютерден келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4-қадамдағы экран көрсетілгенше экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Принтерді жалғау экранында **Wi-Fi байланысы** опциясын таңдаңыз.




Ескертпе:

Принтердің қосылу күйіне қарай байланысты таңдаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

5. Қайсысын орнату керектігін таңдау экранында **Тек қана компьютер** опциясын таңдап, қосылғыңыз келген принтерді тізімнен таңдаңыз.



6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Компьютерлерді веб-сайттан қосу — Mac OS X

Бағдарламалық құралды веб-сайттан жүктеп алыңыз, сонан соң компьютерді қосу үшін қосылу параметрлерін реттеңіз.

1. Қосқыңыз келген компьютерден келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.
<http://epson.sn>
2. **Реттеу** бөліміне өтіп, бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
3. Бағдарламалық құралды іске қосыңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер мен компьютерді қосу

4. Байланысу түрі экранында **Қосымша компьютер** опциясын таңдаңыз.



5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютерлерді қолмен қосу — Windows

Келесіні орнатыңыз.

- ☐ Компьютерді принтер қосылған желіге (SSID) қосыңыз.
- ☐ Принтер драйверін келесі веб-сайттан орнатыңыз.
<http://epson.sn> > **Қосымша бағдарлама**

Компьютерлерді қолмен қосу — Mac OS X

Келесіні орнатыңыз.

- ☐ Компьютерді принтер қосылған желіге (SSID) қосыңыз.
- ☐ Принтерді келесі веб-сайттан қосыңыз.
<http://epson.sn> > **Қолдау**

Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу

Қатысты ақпарат

- ➔ “Түймені басу арқылы автоматты түрде орнату (WPS)” бетте 33
- ➔ “PIN кодын орнату (WPS)” бетте 34
- ➔ “Компьютерлерді қосу” бетте 27

Түймені басу арқылы автоматты түрде орнату (WPS)

Кіру нүктесіндегі түймені басу арқылы Wi-Fi желісін автоматты түрде орната аласыз. Егер келесі шарттар орындалса, осы әдіс арқылы орната аласыз.

- ☐ Кіру нүктесі WPS (Wi-Fi қорғалған орнату) үйлесімді.
- ☐ Ағымдағы Wi-Fi байланысы кіру нүктесіндегі түймені басу арқылы орнатылған.

Ескертпе:

Түймені таба алмасаңыз немесе бағдарламалық құралдың көмегімен орнатсаңыз, кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

1. Кіру нүктесіндегі [WPS] түймесін қауіпсіздік индикаторы жыпылықтағанша басып тұрыңыз.



[WPS] түймесінің қайда орналасқанын білмесеңіз немесе кіру нүктесінде түймелер болмаса, мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу

2. Принтердегі wi-fi түймесін wi-fi индикаторы және  индикаторы кезекпен жыпылықтағанша басыңыз (шамамен 3 секунд).

Байланысты орнату басталады. Байланыс орнатылған кезде, wi-fi индикаторы мен  индикаторы бір мезгілде жанады.



Ескертпе:

wi-fi индикаторы өшірулі және  индикаторы жыпылықтап тұрса, принтер қосылу қатесі күйінде болады. Принтер қатесін  түймесін 3 секунд басып тұру арқылы жойғаннан кейін, кіру нүктесін қайта іске қосыңыз, оны принтерге жақындатып қойыңыз және әрекетті қайталаңыз. Сонда да жұмыс істемесе, осы нұсқаулықтағы [Проблемаларды жою] бөлімін қараңыз.



Смарт-құрылғыны қосу үшін, принтерді конфигурациялау үшін Epson iPrint пайдаланыңыз. Компьютерді қосу мақсатында, компьютер қосу үшін қосылу параметрлерін реттеңіз.


Қатысты ақпарат

- ➔ “Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау” бетте 10
- ➔ “Компьютерлерді қосу” бетте 27

PIN кодын орнату (WPS)

Желі күйі парағында басып шығарылатын PIN кодын пайдалану арқылы кіру нүктесіне автоматты түрде қосыла аласыз. Бұл әдісті кіру нүктесінде WPS (Wi-Fi қорғалған орнату) бар болғанда орнату үшін пайдалана аласыз. Кіру нүктесіне PIN кодын енгізу үшін компьютерді пайдаланыңыз.

1. A4 өлшеміндегі қағазды салыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасындағы  түймесін басыңыз.



Желі күйі парағы басып шығарылады.

Принтердің басқару тақтасынан Wi-Fi желісінің параметрлерін реттеу

3. Wi-Fi түймесін басып тұрып,  түймесін Wi-Fi индикаторы мен  индикаторы бір мезгілде жыпылықтағанша 3 секундтан көбірек басыңыз.



4. Кіру нүктесіне желі күйі парағының [WPS-PIN коды] бағанында басып шығарылған PIN кодын (сегіз цифрлы сан) екі минут ішінде енгізу үшін компьютерді пайдаланыңыз.

Байланыс орнатылған кезде, Wi-Fi индикаторы мен  индикаторы бір мезгілде жанады.



Ескертпе:

- ❑ PIN кодын енгізу туралы мәліметтер алу үшін, кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

- ❑ Wi-Fi индикаторы өшірулі және  индикаторы жыпылықтап тұрса, принтер қосылу қатесі күйінде болады. Принтер қатесін  түймесін 3 секунд басып тұру арқылы жойыңыз, кіру нүктесін қайта іске қосыңыз, оны принтерге жақындатып қойыңыз және әрекетті қайталаңыз. Сонда да жұмыс істемесе, осы нұсқаулықтағы [Проблемаларды жою] бөлімін қараңыз.



Смарт-құрылғыны қосу үшін, принтерді конфигурациялау үшін Epson iPrint пайдаланыңыз.

Компьютерді қосу мақсатында, компьютер қосу үшін қосылу параметрлерін реттеңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Смарт-құрылғыдан бағдарламаны және Wi-Fi байланысын дайындау” бетте 10
- ➔ “Компьютерлерді қосу” бетте 27
- ➔ “Проблемаларды шешу” бетте 39

Принтердің желі байланысы күйін тексеру

Желі шамы


Желі байланысының күйін принтердің басқару тақтасындағы желі шамының көмегімен тексере аласыз.

Шам	Сипаттама
	Желі орнатылмаған.
	Wi-Fi қосылған.

Желі күйі парағын басып шығару

Желі күйі парағы A4 өлшеміндегі қарапайым қағазға басып шығарылады.

1. Қағазды салу.
2.  түймесін басыңыз.




Желі күйі парағы басып шығарылады.

Желінің қосымша параметрлері

Web Config арқылы орнату

Web Config пайдалану үшін, принтерлер мен құрылғыларда IP мекенжайы болуы тиіс және бір желіге қосылуы керек.

1. Принтердің IP мекенжайын тексеріңіз.
Оны желі күйі парағының [IP Address] бағанынан тексере аласыз.
2. Web Config іске қосу үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.



3. **Network Settings** таңдаңыз.

Ескертпе:

Мәзір көрінбесе, экранның жоғарғы жағынан бетті **Advanced Settings** күйіне өзгертіңіз.

4. Желінің негізгі параметрлерін және Wi-Fi параметрлерін өзгерте аласыз.

Желіні ажырату немесе инициализациялау

Желі параметрлерін принтердің басқару тақтасынан инициализациялау

Барлық желі параметрлерін әдепкі қалпына келтіруге болады.

1. Принтерді өшіріңіз.
2.  түймесін басып тұрып,  түймесін Wi-Fi индикаторы мен  индикаторы бір мезгілде жыпылықтағанша басыңыз.




Инициализация тек  индикаторы қосылған кезде аяқталады.

Wi-Fi желісін Web Config арқылы ажырату

Web Config пайдалану үшін, принтерлер мен құрылғыларда IP мекенжайы болуы тиіс және бір желіге қосылуы керек.

1. Принтердің IP мекенжайын тексеріңіз.
Оны желі күйі парағының [IP Address] бағанынан тексере аласыз.
2. Web Config іске қосу үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.



3. **Network Settings** > **Wi-Fi** опциясын таңдаңыз, сонан соң **Disable Wi-Fi** опциясын таңдаңыз.

Ескертпе:


Мәзір көрінбесе, экранның жоғарғы жағынан бетті **Advanced Settings** күйіне өзгертіңіз.

4. Хабарды тексеріп, **OK** түймесін басыңыз.

Проблемаларды шешу

Wi-Fi арқылы қосылмайды

Ағымдағы жағдайды қарап шығып, шешімдерді тесеріңіз. Кескіндер модельге байланысты өзгеруі мүмкін.



Қатысты ақпарат

- ➔ "A: Интернетке смарт-құрылғыдан қосылу мүмкін емес" бетте 40
- ➔ "B: Wi-Fi арқылы смарт-құрылғыдан басып шығару мүмкін емес" бетте 40
- ➔ "C: Интернетке компьютерден қосылу мүмкін емес" бетте 41
- ➔ "D: Wi-Fi арқылы компьютерден басып шығару мүмкін емес" бетте 44
- ➔ "E: Ендірілген бағдарламаларды жаңарту мүмкін емес" бетте 44
- ➔ "F: Желілік орта өзгермегенде Интернет ажыратылады" бетте 44

Проблемаларды шешу

А: Интернетке смарт-құрылғыдан қосылу мүмкін емес

- ☐ Кіру нүктесін қайта іске қосыңыз (желіні пайдаланып жатқан болуы мүмкін басқа пайдаланушыларды ескеріңіз).
- ☐ Кіру нүктесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін оның күйін тексеріңіз. Мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
- ☐ Егер смарт-құрылғы кіру нүктесінен сигналдарды жеткілікті қабылдай алмаса, оларды бір-біріне жақындатыңыз. Егер кедергі пайда болса, оларды электромагниттік толқындар шығаратын жабдықтан немесе радиожабдықтан қашықтатыңыз.
- ☐ Радиотолқынның қарқындылығын желі күйі парағының [Wireless] бағанынан тексере аласыз. Егер [Signal Strength] мәні [Fair] болса, радиотолқынның қарқындылығы төмен болуы мүмкін.
- ☐ Егер IP мекенжайы сәйкессіздігі болса, желі байланысы тұрақсыз болуы немесе жойылуы мүмкін. Әрбір желілік құрылғыға бірегей IP мекенжайын тағайындаңыз.
- ☐ Принтердің IP мекенжайын желі күйі парағының [IP address] бағанынан тексере аласыз.
- ☐ Тым көп құрылғылар қосылған желіге қосыла алмауыңыз мүмкін. Пайдаланылмай тұрған құрылғыларды және т.б. өшіріп, желідегі құрылғылардың санын азайтыңыз.
- ☐ Егер кіру нүктесі SSID идентификаторын жасыратын етіп орнатылса, SSID идентификаторы мен құпия сөзді тікелей енгізіңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 36](#)
- ➔ [“Желінің қосымша параметрлері” бетте 37](#)

В: Wi-Fi арқылы смарт-құрылғыдан басып шығару мүмкін емес

- ☐ Кіру нүктесінің кіру индикаторының жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз.
- ☐ Кіру нүктесінде құпиялылық бөлгіші іске қосылған болса, принтер үшін желі параметрлерін реттей алмайсыз. Құпиялылық бөлгішін ажыратып, әрекетті қайталаңыз. Мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
- ☐ Егер кіру нүктесі SSID идентификаторын жасыратын етіп орнатылса, SSID идентификаторы мен құпия сөзді тікелей енгізіңіз.
- ☐ Құпия сөздің дұрыстығын тексеріңіз. Құпия сөз регистрге тәуелді.
- ☐ Принтердің желіге дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- ☐ Принтердің өшірілмегенін тексеріңіз. Егер принтердегі өшіру таймерін орнатсаңыз, белгілі бір уақыттан кейін принтер автоматты түрде өшеді.
- ☐ Желілік ортаның өзгермегенін тексеріңіз. Егер кіру нүктесін өзгертсеңіз, желі параметрлерін қайта реттеңіз және смарт-құрылғы мен принтерді бір желіге қосыңыз.
- ☐ Принтер қосылған желіні желі күйі парағының [SSID] бағанынан тексере аласыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 36](#)

Проблемаларды шешу

С: Интернетке компьютерден қосылу мүмкін емес

- ☐ Кіру нүктесін қайта іске қосыңыз (желіні пайдаланып жатқан болуы мүмкін басқа пайдаланушыларды ескеріңіз).
- ☐ Кіру нүктесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін оның күйін тексеріңіз. Мәліметтер алу үшін кіру нүктесімен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
- ☐ Егер компьютер кіру нүктесінен сигналдарды қабылдай алмаса, оларды бір-біріне жақындатыңыз. Егер кедергі пайда болса, оларды электромагниттік толқындар шығаратын жабдықтан немесе радиожабдықтан қашықтатыңыз.
- ☐ Радиотолқынның қарқындылығын желі күйі парағының [Wireless] бағанынан тексере аласыз. Егер [Signal Strength] мәні [Fair] болса, радиотолқынның қарқындылығы әлсіз болуы мүмкін.
- ☐ Тым көп құрылғылар қосылған желіге қосыла алмауыңыз мүмкін. Пайдаланылмай тұрған құрылғыларды және т.б. өшіріп, желідегі құрылғылардың санын азайтыңыз.
- ☐ Егер IP мекенжайы сәйкессіздігі болса, желі байланысы тұрақсыз болуы немесе жойылуы мүмкін. Әрбір желілік құрылғыға бірегей IP мекенжайын тағайындаңыз.
- ☐ Бірнеше желілік адаптер іске қосылған болса, желіге қосыла алмайсыз. Пайдаланылмайтын желілік адаптерлерді ажыратыңыз.
- ☐ Принтердің IP мекенжайын желі күйі парағының [IP address] бағанынан тексере аласыз.
- ☐ Егер компьютер мен кіру нүктесі арасындағы сымсыз байланыс арналары сәйкес келмесе, олар бір-біріне қосыла алмайды.
- ☐ Қолжетімді сымсыз байланыс арналары Wi-Fi адаптері бар компьютерлерде шектелуі мүмкін. Компьютерде кіру нүктесінде орнатылған сымсыз байланыс арнасы бар екендігін тексеріңіз.
- ☐ Егер кіру нүктесі SSID идентификаторын жасыратын етіп орнатылса, SSID идентификаторы мен құпия сөзді тікелей енгізіңіз.
- ☐ Windows үшін, желілік көпір жасалса, желіге қосыла алмауыңыз мүмкін. Желілік көпірді жойыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 36](#)
- ➔ [“Желінің қосымша параметрлері” бетте 37](#)

Желі басымдылығын орнату — Mac OS X

1.  > **Жүйе параметрлері** > **Желі** опциясын таңдаңыз.
2.  басыңыз, сонан соң **Қызмет ретін орнату** опциясын таңдаңыз.
3. Басымдылығын көтергіңіз келген қызметті тізімнің жоғарғы жағына апарыңыз.
4. **ОК** түймесін басыңыз.
5. Экранды жабу үшін **Қолдану** түймесін басыңыз.

Проблемаларды шешу

Күйді желі белгішесінің көмегімен тексеру — Windows

Компьютер желісінің қосылғанын тексеріңіз. Желіге қосқыңыз келген компьютердегі желі байланысы экранын көрсетіңіз және желі байланысы белгішесін тексеріңіз.

❑ Windows 8.1/Windows 8

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Желі және Интернет > Желі күйін және тапсырмаларды көру > Адаптер параметрлерін өзгерту.

❑ Windows 7


Бастау түймесін басыңыз, **Басқару тақтасы > Желі күйін және тапсырмаларды көру > Адаптер параметрлерін өзгерту** опциясын таңдаңыз.

❑ Windows Vista

Бастау түймесін басыңыз, **Басқару тақтасы > Желі күйін және тапсырмаларды көру > Желі байланыстарын басқару** опциясын таңдаңыз.

❑ Windows XP

Бастау түймесін басыңыз, **Басқару тақтасы > Желі және Интернет байланыстары > Желі байланыстары** опциясын таңдаңыз.



Windows Vista немесе одан кейінгі нұсқа үшін	Windows XP	Сипаттамалар
		Компьютер желілік құрылғыға Wi-Fi арқылы қосылған.
		Компьютердің Wi-Fi адаптері анықталған, бірақ ол дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ.
Белгішелер жоқ	Белгішелер жоқ	Желі адаптерін анықтау мүмкін емес. Компьютер мен принтерді тікелей USB кабелі арқылы қосыңыз немесе қажетті құрылғыларды желілік байланысқа дайындаудан кейін қосылу параметрлерін реттеңіз.


Проблемаларды шешу

Қатысты ақпарат

➔ “Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Windows” бетте 45

Күйді желі индикаторының көмегімен тексеру — Mac OS X

Компьютер желісінің қосылғанын тексеріңіз. Желіге қосқыңыз келген компьютерде  > **Жүйе параметрлері** > **Желі** опциясын таңдаңыз және желі экранында байланыс күйін тексеріңіз.



Қызмет атауы	Индикатор түсі	Сипаттамалар
Wi-Fi (немесе AirPort)	Жасыл	Компьютер желілік құрылғыға Wi-Fi арқылы қосылған.
	Қызыл немесе қызғылт сары	Компьютердің Wi-Fi адаптері анықталған, бірақ ол дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ.
Жоқ	—	Желі адаптерін анықтау мүмкін емес. Компьютер мен принтерді тікелей USB кабелі арқылы қосыңыз немесе қажетті құрылғыларды желілік байланысқа дайындаудан кейін қосылу параметрлерін реттеңіз.

Қатысты ақпарат

➔ “Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Mac OS X” бетте 46

Проблемаларды шешу

D: Wi-Fi арқылы компьютерден басып шығару мүмкін емес

Басып шығару мүмкін емес

- ☐ Принтердің өшірілмегенін тексеріңіз. Егер принтердегі өшіру таймерін орнатсаңыз, белгілі бір уақыттан кейін принтер автоматты түрде өшеді.
- ☐ Кіру нүктесінің кіру индикаторының жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз.
- ☐ Принтер мен компьютердің қосылғанына көз жеткізу үшін байланысты тексеру пәрменін пайдаланыңыз.
- ☐ Егер принтер порты дұрыс болмаса, басып шығара алмайсыз немесе басып шығару тоқтауы мүмкін. Принтер портының дұрыс реттелгенін және таңдалғанын тексеріңіз.
- ☐ Желілік ортаның өзгермегенін тексеріңіз. Егер кіру нүктесін өзгертсеңіз, желі параметрлерін қайта реттеңіз және компьютер мен принтерді бір желіге қосыңыз.
- ☐ Принтер қосылған желіні желі күйі парағының [SSID] бағанынан тексере аласыз.
- ☐ Mac OS X пайдаланылғанда және Wi-Fi желілері пайдаланылғанда, принтер принтерді қосу экранында көрсетілмесе, принтер мен құрылғы арасындағы желі басымдылығы төмен болуы мүмкін. Желі басымдылығын көтеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Е: Ендірілген бағдарламаларды жаңарту мүмкін емес” бетте 44](#)
- ➔ [“Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Windows” бетте 45](#)
- ➔ [“Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Mac OS X” бетте 46](#)
- ➔ [“Басып шығару портын тексеру” бетте 61](#)
- ➔ [“Желі күйі парағын басып шығару” бетте 36](#)

E: Ендірілген бағдарламаларды жаңарту мүмкін емес

- ☐ Принтердің барлық желі параметрлерін инициализациялаңыз, сонан соң желіні қайта орнатыңыз.
- ☐ Кіру нүктесі немесе принтер сияқты желілік құрылғыларды қайта іске қосыңыз (желіні пайдаланып жатқан болуы мүмкін басқа пайдаланушыларды ескеріңіз).
- ☐ Принтер немесе кіру нүктесі үшін ендірілген бағдарламаларды жаңартудың ең соңғы шығарылымын тексеріңіз. Ең соңғы нұсқасы шығарылған болса, құрылғыны жаңартыңыз.

Ескертпе:

Принтер немесе кіру нүктесі үшін желі параметрлерін өзгертсеңіз, өзгерістер шамамен 30 секунд — бір минут өткеннен кейін қолданылады.


F: Желілік орта өзгермегенде Интернет ажыратылады

Желіде өзгерістер болмағанда кенеттен Интернетке қосыла алмай қалсаңыз, серверде проблема немесе уақытша проблема болуы мүмкін. Біраз уақыт күткеннен кейін де қосыла алмасаңыз, Интернет провайдеріңізге хабарласыңыз.

Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру

Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Windows

1. Тексергіңіз келген байланыс үшін принтердің IP мекенжайын тексеріңіз.
Оны желі күйі парағының [IP Address] бағанынан тексере аласыз.
2. Компьютердің пәрменді енгізуге шақыру экранын көрсетіңіз.
 - ☐ Windows 8.1/Windows 8
Бағдарлама экранын көрсетіңіз және **Пәрменді енгізуге шақыру** опциясын таңдаңыз.
 - ☐ Windows 7 немесе одан бұрынғы
Бастау түймесін басыңыз, **Барлық бағдарламалар** немесе **Бағдарламалар > Стандартты > Пәрменді енгізуге шақыру** таңдаңыз.
3. «ping xxx.xxx.xxx.xxx» енгізіп, Enter пернесін басыңыз.
xxx.xxx.xxx.xxx үшін принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
4. Байланыс күйін тексеріңіз.
Егер принтер мен компьютер арасында байланыс орнатылса, келесі хабар көрсетіледі.



```
C:\> Command Prompt

C:\> ping 192.168.1.100


Pinging 192.168.1.100 with 32 bytes of data:
Reply from 192.168.1.100: bytes=32 time=1ms TTL=64
Reply from 192.168.1.100: bytes=32 time<1ms TTL=64
Reply from 192.168.1.100: bytes=32 time<1ms TTL=64
Reply from 192.168.1.100: bytes=32 time<1ms TTL=64

Ping statistics for 192.168.1.100:
    Packets: Sent = 4, Received = 4, Lost = 0 (0% loss),
    Approximate round trip times in milli-seconds:
        Minimum = 0ms, Maximum = 1ms, Average = 0ms

C:\> _
```


Проблемаларды шешу

Егер принтер мен компьютер арасында байланыс орнатылмаса, келесі хабар көрсетіледі.



Байланысты тексеру пәрменін пайдаланып байланысты тексеру — Mac OS X


1. Тексергіңіз келген байланыс үшін принтердің IP мекенжайын тексеріңіз. Оны желі күйі парағының [IP Address] бағанынан тексере аласыз.
2. Желілік утилитаны іске қосыңыз.
Spotlight бөлімінде «Желілік утилитаны» енгізіңіз.
3. **Ping** қойындысын басыңыз, 1-қадамда тексерген IP мекенжайын енгізіңіз және **Ping** түймесін басыңыз.




Проблемаларды шешу

4. Байланыс күйін тексеріңіз.

Егер принтер мен компьютер арасында байланыс орнатылса, келесі хабар көрсетіледі.



Егер принтер мен компьютер арасында байланыс орнатылмаса, келесі хабар көрсетіледі.



Қосымша

Принтер пайдаланатын негізгі желі ақпараты

Принтер пайдаланатын желі түрі

Принтеріңіз келесі желілерді пайдалана алады. Принтеріңізге қандай желілер қолданылатынын тексеру үшін, принтермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Ретрансляциялық пункті бар желілер

Принтермен ретрансляциялық пункт арқылы байланысатын хаб не кіру нүктесі сияқты ретрансляциялық пункті бар желілер.

- ☐ Ethernet
- ☐ Wi-Fi

Ретрансляциялық пункті жоқ желілер

Құрылғыға принтермен тікелей байланысуға мүмкіндік беретін ретрансляциялық пункті жоқ желілер.

- ☐ Wi-Fi Direct: Қарапайым AP режимі
- ☐ Wi-Fi Direct: Wi-Fi Direct режимі
- ☐ Wi-Fi тікелей қосылу режимі


Ретрансляциялық пункті бар желілер туралы жиынтық ақпарат

Кабельдерді пайдаланатын желілер (Ethernet)

Хаб және кабель көмегімен орнатылатын желілер Ethernet желілері деп аталады.

Қосымша

Ethernet байланыстарын конфигурациялау үшін пайдаланылатын құрылғылар



Жоғарыдағы суретте көрсетілген құрылғылардың тізімі.

- (a) Модем
- (b) Роутер
- (c) Хаб
- (d) Ethernet кабелі
- (e) Желілік интерфейс
- (f) Принтер
- (g) Компьютер

Құрылғылардың функцияларының түсіндірмесі.

(a) Модем немесе оптикалық желі құрылғысы	Үй немесе кеңсе желілерін сыртқы желіге (Интернетке) желімен компьютер немесе роутер арқылы қосады. Компьютер немесе роутер сигналдарды ақпаратты түрлендірмей қабылдай алмайды. Сигналға байланысты ақпаратты түрлендіру үшін пайдаланылатын құрылғылардың екі түрі бар. ❑ Модем: Телефон желісі сияқты аналогтық желіден жіберілген сигналды цифрлық сигналға түрлендіреді немесе керісінше. ❑ Оптикалық желі құрылғысы: Оптикалық сигналды электр сигналына түрлендіреді немесе керісінше және желінің пайдаланушы жағында орнатылады.
(b) Роутер	Роутер желіге кіру жолы болып табылады. Олар құрылғылар мен сыртқы сигналдар арасындағы ретрансляциялық пункт ретінде қызмет етеді. Роутер Интернетке қосыла алатын болса, роутерге қосылған құрылғылар да Интернетке қосыла алады. Роутер желіге кіру жолы болғандықтан, әрбір роутерді желінің жеке элементі ретінде анықтауға болады. Бұл жеке элемент «Сегмент» деп аталады.

Қосымша

(с) Хаб	Роутерлер тікелей көптеген құрылғыларға қосыла алмайды. Принтерлер мен компьютерлер сияқты бірнеше құрылғыны роутерге қосу үшін хаб пен Ethernet кабелін (d) пайдалана аласыз. Кейбір өнімдер хаб пен роутердің тіркесімі болып табылады.
(d) Ethernet кабелі	Хаб пен желілік интерфейс құрылғылары сияқты құрылғыларды қосу үшін Ethernet кабелі пайдаланылады. Кедергілерді жою үшін UTP (экрандалмаған ширатылған жұп) және STP (экрандалған ширатылған жұп) Ethernet кабельдерін және әр түрлі деректерді беру жылдамдықтары үшін әр түрлі Ethernet кабельдерінің түрлерін пайдалануға болады. Сіздің ортаңыз үшін ең қолайлы Ethernet кабелін таңдаңыз.
(е) Желілік интерфейс	Желілік интерфейс желіні бақылай алатын жүйе болып табылады. Ол (f) принтерінде орындалған. Оны компьютерде орындауға болады немесе бұл жүйені желілік интерфейс картасын салу немесе адаптерді пайдалану арқылы қосуға болады. Ethernet кабелін желілік интерфейс қосылған компьютердің немесе құрылғының жергілікті желі портына салу керек. Әрбір желілік интерфейс үшін бірегей идентификатор беріледі. Ол MAC мекенжайы деп аталады. Мас мекенжайы 12 цифрлы он алтылық саннан тұрады. Идентификациялық нөмірдің бірінші жартысы желілік интерфейсті сататын компанияға MAC мекенжайларын басқаратын ұйым тарапынан беріледі және екінші жартысын желілік интерфейсті сататын компания бірегей мекенжай жасау және қайталануды болдырмау үшін пайдаланады.

Глоссарий

❑ IP мекенжайы

Хаб арқылы сигналдарды жібергенде, сигналдарды жіберу үшін құрылғыны анықтауға IP мекенжайы керек. Хаттарды пошта арқылы жібергенде мекенжайдың маңызды болуы сияқты, желілік байланыста сигналдарды алу үшін IP мекенжайы маңызды болады. IP дегеніміз Internet Protocol (Интернет-протокол) дегенді білдіреді. IP мекенжайы компьютер немесе құрылғы қосылатын желілік мекенжай мен хост мекенжайының бірігуі болып табылады.

❑ IP мекенжайын тағайындау

IP мекенжайлар қайталанбайды, сондықтан құрылғы болатын желіде бірегей IP мекенжайы тағайындалады.

IP мекенжайлары екі топқа бөлінеді: глобалдық IP мекенжайлары және жеке IP мекенжайлары. Интернетке қосылу үшін глобалдық IP мекенжайы керек. Олар глобалдық ұйымдар тарапынан басқарылады және Интернет провайдерлеріне беріледі. Провайдер IP мекенжайын мердігердің құрылғыларына тағайындайды.

Желіні үй немесе кеңсе сияқты жергілікті жерде пайдалансаңыз, әрбір құрылғыға тек жабық желіде қолжетімді болатын жеке IP мекенжайы тағайындалады. Желіге кіру жолы рөлін атқаратын құрылғыда глобалдық IP мекенжайы болады және ол тек жеке IP мекенжайы бар құрылғыларға Интернетке кіру мүмкіндігін беру үшін жеке IP мекенжайы мен глобалдық IP мекенжайын түрлендіреді.

Желіге кіру жолы рөлін атқаратын құрылғыларда DHCP деп аталатын функция болады және ол IP мекенжайын құрылғыларға динамикалық түрде тағайындайды немесе провайдер немесе желі әкімшісі статикалық IP мекенжайын қолмен тағайындайды. Егер құрылғыда динамикалық түрде тағайындалған IP мекенжайы болса, байланыс үзілгенде немесе қайта қосылғанда ол өзгеруі мүмкін. Егер бұл ыңғайсыз болса, провайдерден немесе желі әкімшісінен статикалық IP мекенжайын ала аласыз.

❑ Әдепкі шлюз

Интернет сияқты сыртқы желімен кезектеп байланыс орнату үшін деректерді түрлендіретін құрылғы шлюз деп аталады. Үй немесе кеңсе желісінен Ethernet немесе Wi-Fi арқылы

Қосымша

Интернетке қосылғанда роутер шлюз ретінде әрекет етеді. Роутердің IP мекенжайы әдепкі шлюз деп аталады.

☐ Қосалқы желі маскасы

Қосалқы желі маскасы желілік мекенжай мен IP мекенжайының хост мекенжайы арасында ажыратылатын сандық мән болып табылады. Желілік мекенжай мен хост мекенжайының бақылау нүктесін IP мекенжайын қосалқы желі маскасымен маскалау арқылы таба аласыз.


☐ Ethernet байланыс стандарты

Ethernet желісінде деректерді беру жылдамдығына, деректерді беру ортасына, беру режиміне және басқаларға негізделген 1000BASE-T, 100BASE-TX және 10BASE-T сияқты стандарттар бар. Әрбір стандартта хаб пен құрылғының пайдаланылатын байланыс режиміне сәйкес келетін байланыс режимі болуы керек.

Кабельсіз желілер (Wi-Fi)

Wi-Fi желісі Ethernet кабелінің орнына радиотолқындарды пайдаланады және кіру нүктелері арқылы байланыс орнатады.

Wi-Fi байланыстарын конфигурациялау үшін пайдаланылатын құрылғылар



Wi-Fi желіге қосылу үшін радиотолқындарды пайдаланады, ал Ethernet желісі кабельдерді пайдаланады. Келесілер Ethernet байланыстарынан нақты айырмашылықтарды көрсетеді.

☐ Онда кіру нүктелері бар.

Ол Ethernet байланысындағы хабпен бірдей.

☐ Онда SSID бар.

Желінің атауы.

☐ Онда рұқсатсыз кіруді болдырмайтын қауіпсіздік мүмкіндігі бар.

Онда рұқсатсыз кіруді болдырмайтын мүмкіндік бар.

Қосымша

Глоссарий

Wi-Fi желісіне қатысты сөздердің глоссарийі

❑ Кіру нүктесі

Кіру нүктесі желідегі әрбір құрылғыны қосатын радиотолқынның ретрансляциялық пункті болып табылады. Сондай-ақ, ол Ethernet желісі сияқты басқа желілерге кіруге мүмкіндік береді.

❑ SSID

Ethernet желісінен айырмашылығы, Wi-Fi басқа құрылғыларға қосылу үшін радиотолқындарды пайдаланады. Сондықтан абайсызда басқа құрылғыларға қосылуы мүмкін. Құрылғылардың белгісіз желілерге қосылуын болдырмау үшін, қайсы желіге қосылу керектігін көрсету керек. Желіні анықтау үшін SSID (сымсыз желі идентификаторы) пайдаланылады. Егер SSID сәйкес келмесе, байланыс орнатылмайды. Әдетте, құрылғылар немесе компьютерлер кіру нүктесінде SSID жиынтығын іздейді және байланыс орнатады.

❑ Құпия сөз

Ол қауіпсіздік мақсатында шифрланған желіге кіру үшін пайдаланылады. Ол кодтық фраза немесе шифрланған кілт деп те аталады. Қауіпсіздікті шифрлау үшін WEP және WPA сияқты әр түрлі шифрлау схемаларын таңдауға болады.

❑ Жасырын SSID

Кіру нүктесі тұрақты уақыт аралықтарында желілік құрылғылардан іздеуге болатын SSID сигналдарын жібереді. Жасырын SSID ешқандай сигналдар шығармайды, сондықтан ол радиотолқын сигналында табылмайды. Егер жасырын SSID пайдаланатын кіру нүктесіне қосылғыңыз келсе, құрылғыңызға SSID идентификаторын қолмен енгізіңіз.

❑ MAC мекенжайларын сүзу

MAC мекенжайларын сүзу MAC мекенжайы алдын ала тіркелген құрылғыларға ғана қосылуға мүмкіндік береді. Егер құрылғы алдын ала тіркелмесе, құпия сөз дұрыс болса да байланыс орнатылмайды.

❑ Wi-Fi стандарты

Ағымдағы Wi-Fi стандарттары. Олардың әрқайсысында әр түрлі байланыс әдісі, жиілік диапазоны және деректерді беру жылдамдығы болады. IEEE802.11b, IEEE802.11a, IEEE802.11g, IEEE802.11n, IEEE802.11ac және т.б. Wi-Fi арқылы қосылу үшін әрбір құрылғы бірдей стандартты пайдалануы тиіс.

Wi-Fi байланысы үшін жиілік диапазоны ретінде 2,4 немесе 5 ГГц пайдаланылады. Жиілік диапазонында деректерді беруге мүмкіндік беретін жиілік ені болады және ол «арна» деп аталады. Әрбір құрылғы жиілік диапазонының бірдей арнасын пайдалануы тиіс. Принтер 2,4 ГГц жиілікті пайдаланады. Bluetooth, микротолқынды пеш және медициналық жабдықтар да 2,4 ГГц жиілікті пайдаланады және тым жақын орналасса, кейде олар радиотолқындарға кедергі жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда пайдаланылатын арнаны өзгерту қажет болуы мүмкін.


❑ Мультит SSID

Сізде әр түрлі бірнеше Wi-Fi стандарттары және қорғаныштары болса, сізде әр жағдайға арналған SSID болуы мүмкін. Ол Мультит SSID деп аталады. Әрбір SSID өзге желі ретінде анықталады. SSID өзгеше болса, құрылғылар бір кіру нүктесіне қосылса да, олармен байланыс орната алмайсыз. Принтер мен құрылғыларыңыз бірдей SSID желісінде болуы тиіс.

Қосымша

Ретрансляциялық пункт жоқ желілер (Wi-Fi Direct/Тікелей қосылу)

Хабтар және кіру нүктелері сияқты ретрансляциялық пункттерді пайдаланбайтын құрылғыларға тікелей қосыла аласыз.



❑ Wi-Fi Direct

Wi-Fi Direct екі құрылғыны кіру нүктесін пайдаланбай қосуға мүмкіндік береді. Бұл Wi-Fi Alliance тарапынан сертифицирталған сымсыз байланыс стандарты. Бағдарламада құрылғылардың біреуі кіру нүктесі ретінде жұмыс істесе, екінші құрылғыға тікелей қосыла аласыз. Бұл Wi-Fi байланысындағы конфигурацияны пайдаланатындықтан, сондағы қауіпсіздік әдісін пайдалана аласыз.

❑ Қарапайым AP режимі

Қарапайым AP режимінде принтер кіру нүктесі ретінде жұмыс істейді. Бірдей желіге қосу үшін құрылғыдан құпия сөзді принтер желісіне (SSID) енгізіңіз. Реттелгеннен кейін желіні үздіксіз пайдалана аласыз.


❑ Wi-Fi Direct режимі

Wi-Fi Direct режимінде, Wi-Fi Direct құрылғыларын «біреуден-біреуге» байланысы арқылы қоса аласыз. Принтер немесе құрылғы кіру нүктесі ретінде жұмыс істейді. Байланыс үзілген сайын, құпия сөзді енгізу қажет болмаса да, байланысты қолмен қайта орнату керек.

❑ Wi-Fi тікелей қосылу режимі

Wi-Fi тікелей қосылу режимінде, құрылғыларды радиотолқын арқылы кіру нүктесін пайдаланбай-ақ тікелей қоса аласыз. Wi-Fi Direct режимінен айырмашылығы, ондағы бағдарламада да кіру нүктелері жоқ.

Жалпыға қолжетімді желілер



Қосымша

Қоғамдық орында болғанда Интернетке қосылу үшін келесі әдістерді пайдалануға болады. Принтерді жалпыға қолжетімді желіге қосуға болмайды.

☐ Мобильді деректерді беру

Мобильді құрылғыларда Wi-Fi байланысын қажет етпейтін электрондық поштаны пайдалану және Интернет сияқты мүмкіндіктер болады. Олар Интернетке телекоммуникациялық компанияның базалық станциясын пайдаланып қосылады. Ол мобильді деректерді беру деп аталады.

Сондай-ақ, басқа құрылғылардан мобильді деректерді беруді пайдалануға болады.

☐ Wi-Fi құрылғысын мобильді деректерді беру желісіне ретрансляция жасау үшін мобильді роутерді немесе байланыстыруды пайдалануға болады.

☐ Ендірілген сымсыз байланыс адаптерін немесе компьютерге қосылғанын пайдаланыңыз.

☐ Wi-Fi спот, қоғамдық Wi-Fi қызметі

Бұл қызметті дүкендер, станциялар немесе әуежайлар сияқты орындардың иелері ұсынады, сондай-ақ, оны мобильді құрылғыдан не компьютерден Интернетке тегін сымсыз қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық компаниялар ұсынады. (Кейбір жерлерде бұл қызмет тегін емес.) Принтерді мұндай қызметпен пайдалана алмайсыз.

Желі функциялары және IPv4/IPv6 кестелері

TCP/IP протоколын қолдайтын клиенттік операциялық жүйелер

Операциялық жүйе	IPv4	IPv6
Windows Vista және одан кейінгі	✓	✓
Windows XP	✓	–
Mac OS X v10.6.8 — v10.10.x	✓	✓

NW функциясы үшін қолдау кестесі және IPv4/IPv6 кестелері

Функция		Қолдау	Ескертпелер
Желілік басып шығару	EpsonNet Print (Windows)	IPv4	–
	Стандартты TCP/IP (Windows)	IPv4/IPv6	IPv6 — Windows Vista және одан кейінгі нұсқа үшін.
	WSD басып шығару (Windows)	IPv4/IPv6	Windows Vista және одан кейінгі нұсқа үшін.
	Bonjour басып шығару (Mac OS X)	IPv4/IPv6	–
	Epson Connect (Email Print)	IPv4	–

Бір уақытта қосуға болатын комбинациялар

Төмендегі бекітілген комбинациялармен бір уақытта қосыла аласыз. Әрбір байланысты орнатыңыз.

Мысалы, Wi-Fi желісі мен қарапайым AP режимін пайдаланғыңыз келсе:

- ☐ Принтеріңізді компьютерден Wi-Fi желісіне орнатыңыз, сонан соң қосылыңыз.
- ☐ Бағдарламалық құралдың дискісі арқылы немесе веб-сайттан принтеріңізді USB байланысына орнатыңыз.

	Wi-Fi	Тікелей қосылу режимі	USB
Wi-Fi	–	–	✓
Тікелей қосылу режимі	–	–	✓
USB	✓	✓	–

Порттар мен протоколдар

EpsonNet Print (тек Windows үшін)

Бұл Epson түпнұсқалық басып шығару порты.

Егер принтерді берілген бағдарламалық құралдың дискісін пайдаланып не веб-сайттан жүктелген бағдарламалық құралды пайдаланып орнатсаңыз, EpsonNet Print басып шығару портына орнатылады. Принтер драйверін орнатсаңыз да, EpsonNet Print басып шығару портына орнатылады.

- ☐ Принтердің IP мекенжайы сервердегі не роутердегі DHCP функциясы арқылы өзгертілсе де, принтердің желі параметрлерін қайта орнату қажет емес.
- ☐ Принтерлерді роутер арқылы басқа желі сегментінде пайдалана аласыз.
- ☐ Принтердің күйі Windows спулер экранының жоғарғы жағында көрсетіледі.

Стандартты TCP/IP

Бұл компьютерде алдын ала орнатылған байланыс протоколы болып табылады.

- ☐ Принтердің IP мекенжайы сервердегі не роутердегі DHCP функциясы арқылы өзгертілсе, принтердің желі параметрлерін қайта орнату қажет.
- ☐ Принтерлерді роутер арқылы басқа желі сегментінде пайдалана аласыз.
- ☐ Басып шығару журналын **Оқиғаларды қарау құралынан** ала аласыз.

Bonjour (тек Mac OS X үшін)

Бұл Mac OS X жүйесінде пайдаланылатын протокол.

Принтердің IP мекенжайы сервердегі не роутердегі DHCP функциясы арқылы өзгертілсе, принтердің желі параметрлерін қайта орнату қажет емес.

Принтерлерді Bonjour арқылы қосу үшін, өнімнің модель нөмірін келесі веб-сайтта енгізіңіз. Принтерлерді қосу үшін қолдау көрсету қызметіне өтіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

<http://epson.sn> > **Қосымша бағдарлама**

Қосымша

WSD (тек Windows үшін)

WSD (құрылғылардағы веб-қызметтер) Windows Vista не одан кейінгі нұсқа бар компьютерлерде алдын ала орнатылған байланыс протоколы болып табылады.

- ☐ Принтердің IP мекенжайы сервердегі не роутердегі DHCP функциясы арқылы өзгертілсе, принтердің желі параметрлерін қайта орнату қажет емес.
- ☐ Принтерлерді роутер арқылы басқа желі сегментінде пайдалана аласыз.

Ескертпе:

Егер компьютеріңіздің операциялық жүйесі Windows 8 нұсқасынан кейінгі нұсқа болса, WSD порты автоматты түрде орнатылады. Егер WSD портын Epson принтер драйверін орнатпай орнатсаңыз, компьютеріңіздің стандартты драйвері орнатылады. Мұндай жағдайда, Epson принтер драйверін бөлек орнатуды ұсынамыз. Келесі веб-сайтқа кіріп, өнімнің модель нөмірін енгізіңіз.

<http://epson.sn>

Орнатқаннан кейін, принтер драйверін «Құрылғылар және принтерлер» бөліміндегі принтер сипаты экранынан өзгертіңіз.

WSD арқылы басып шығарғанда, желідегі принтерді таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Стандартты TCP/IP порттарын орнату — Windows” бетте 56
- ➔ “WSD портын орнату — Windows” бетте 59

Стандартты TCP/IP порттарын орнату — Windows

1. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

- ☐ Windows 8.1/Windows 8

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс немесе **Аппараттық құралдар > Құрылғылар және принтерлер**.

- ☐ Windows 7

Бастау > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс (немесе **Аппараттық құралдар**) > **Құрылғылар және принтерлер** түймесін басыңыз.

- ☐ Windows Vista

Бастау > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Принтерлер түймесін басыңыз.

- ☐ Windows XP

Бастау түймесін > Басқару тақтасы > Принтерлер және басқа аппараттық құралдар > Принтерлер және факстар басыңыз.

2. Принтерді қосу.

- ☐ Windows 8.1/Windows 8

Принтер қосу түймесін басыңыз, сонан соң **Маған қажетті принтер тізімде жоқ** опциясын таңдаңыз.

- ☐ Windows 7

Принтер қосу түймесін басыңыз.

- ☐ Windows Vista

Принтер орнату түймесін басыңыз.

Қосымша

- ❑ Windows XP

Принтер орнату, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.

3. Жергілікті принтерді қосыңыз.

- ❑ Windows 8.1/Windows 8

Жергілікті принтерді немесе желілік принтерді қосу, параметрлерді қолмен реттеу опциясын таңдаңыз, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.

- ❑ Windows 7/Windows Vista


Жергілікті принтерді қосу түймесін басыңыз.

- ❑ Windows XP

Осы компьютерге тіркелген жергілікті принтер опциясын таңдаңыз, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.

4. **Жаңа порт жасау** таңдаңыз, порт түрі ретінде **Стандартты TCP/IP порты** опциясын таңдаңыз, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.

Windows XP үшін, **Стандартты TCP/IP принтер порты шеберін қосу** экранында **Келесі** түймесін басыңыз.




5. Принтердің IP мекенжайын **Хост атауы немесе IP мекенжайы** немесе **Принтер атауы немесе IP мекенжайы** бөлімінде енгізіп, **Келесі** түймесін басыңыз.

Порт атауын өзгертпеңіз.

Пайдаланушының тіркелгісін басқару экраны көрсетілгенде **Жалғастыру** түймесін басыңыз.

Қосымша

Windows XP үшін, **Стандартты TCP/IP принтер порты** экранында **Орындалды** түймесін басыңыз.



6. Принтер драйверін орнатыңыз.

- ☐ Егер принтер драйвері орнатылған болса:

Өндіруші және **Принтер** опциясын таңдаңыз. **Келесі** түймесін басыңыз.

- ☐ Егер принтер драйвері орнатылмаған болса:

Диск бар түймесін басыңыз және принтермен бірге берілген бағдарламалық құралдың дискісін салыңыз. **Шолу** түймесін басыңыз, сонан соң дискідегі принтер драйвері орналасқан қалтаны таңдаңыз. Қалтаны дұрыс таңдаңыз. Қалтаның орналасқан жері операциялық жүйеге байланысты өзгеруі мүмкін.

Windows жүйесінің 32 биттік нұсқасы: WINX86

Windows жүйесінің 64 биттік нұсқасы: WINX64

7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows XP үшін орнату аяқталды. Windows Vista және одан кейінгі нұсқа үшін, порт конфигурациясын тексеріңіз.

Порт конфигурациясын тексеру — Windows

Портты орнатқаннан кейін, Windows Vista немесе одан кейінгі нұсқаны пайдалансаңыз және басып шығару үшін TCP/IP портын пайдалансаңыз, порт конфигурациясын тексеріңіз.

1. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

- ☐ Windows 8.1/Windows 8

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс немесе **Аппараттық құралдар > Құрылғылар және принтерлер**.

- ☐ Windows 7

Бастау > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс (немесе **Аппараттық құралдар**) > **Құрылғылар және принтерлер** түймесін басыңыз.

- ☐ Windows Vista

Қосымша

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Принтерлер** түймесін басыңыз.

2. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

☐ Windows 8.1/Windows 8/Windows 7

Принтер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Принтер сипаттары** опциясын таңдаңыз.

☐ Windows Vista

Принтер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Әкімші ретінде іске қосу** > **Сипаттар** опциясын таңдаңыз.

3. **Порттар** қойындысын басыңыз, **Стандартты TCP/IP порты** опциясын таңдаңыз және **Портты конфигурациялау** түймесін басыңыз.

4. Порт конфигурациясын тексеріңіз.

☐ RAW үшін

Протокол бөлімінде **Raw** таңдалғанын тексеріп, **ОК** түймесін басыңыз.

☐ LPR үшін

Протокол бөлімінде **LPR** таңдалғанын тексеріңіз. **LPR параметрлері** бөлімінен **Кезек атауы** бөлімінде «PASSTHRU» енгізіңіз. **LPR байттарды санау қосылған** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

WSD портын орнату — Windows

Бұл бөлімде WSD портын Windows 7/Windows Vista үшін орнату әдісі сипатталады.

Ескертпе:

Windows 8 үшін WSD порты автоматты түрде орнатылады.

WSD портын орнату үшін келесілер қажет.

☐ Принтер мен компьютер желіге қосылған.

☐ Принтер драйвері компьютерге орнатылған.

1. Принтерді іске қосыңыз.


2. Бастау түймесін басыңыз, сонан соң компьютердегі **Желі** түймесін басыңыз.

3. Принтерді тінтуірдің оң жағымен басып, **Орнату** опциясын таңдаңыз.

Пайдаланушының тіркелгісін басқару экраны көрсетілгенде Жалғастыру түймесін басыңыз.

Қосымша


Жою экраны көрінсе, **Жою** түймесін басып, қайтадан бастаңыз.




Ескертпе:

Желіде орнатылған принтер атауы мен модель атауы (EPSONXXXXXX(XX-XXXX)) желілік экранда көрсетіледі. Принтердің желіде орнатылған атауын принтердің басқару тақтасынан немесе желі күйі парағын басып шығару арқылы тексере аласыз.

4. **Құрылғыңыз пайдалануға дайын** түймесін басыңыз.



5. Хабарды тексеріп, **Жабу** түймесін басыңыз.



6. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

❑ Windows 7

Қосымша

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** (немесе **Аппараттық құралдар**) > **Құрылғылар және принтерлер** түймесін басыңыз.

❑ Windows Vista

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Принтерлер** түймесін басыңыз.


7. Принтердің желідегі атауы бар белгішенің көрсетілгенін тексеріңіз.

WSD арқылы басып шығарғанда принтер атауын таңдаңыз.

Басып шығару портын тексеру

Windows жүйесінде, басып шығару үшін бірнеше басып шығару порттары арасында ауысуға болады. Қайсы басып шығару порты қолжетімді екендігін тексеріңіз. Келесі мысал Windows 7 жүйесіне арналған.

1. Бастау түймесін басыңыз, сонан соң **Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
2. Принтер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Принтер сипаттары** опциясын таңдаңыз.



Қосымша

3. Қайсы басып шығару порты таңдалғанын тексеру үшін **Порттар** қойындысын таңдаңыз.

Порт бағанында таңдалған басып шығару порттары қолжетімді болады. Порт түрін **Сипаттама** бөлімінен тексере аласыз.

